ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 10 қазан №2301-23-00-2/1518 Атырау қаласы

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
судья А.Р.Балмуханованың төрағалық етуімен,
сот отырысының хатшысы А.Кубашева болып, ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Атырау облысы Білім беру басқармасының Қызылқоға ауданы білім бөлімінің «Миялы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Гемакасес» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Талап қоюшы өкілі Ғ.Қанат
Жауапкер өкілі Б.Кипшакбаев

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2023 жылғы 17 наурыздағы мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде тараптар арасында құрылыс саласындағы жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы №53 шарт 2022 жылғы 11 сәуірде жасақталған (бұдан әрі – Шарт).

Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын 1-қосымшасына сәйкес жауапкер тапсырыс берушіге күрделі жөндеу бойынша жұмыстарды орындауға міндетті болған.

Шарт бойынша жұмыстың орындалу мерзімі – құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізудің басталғаны туралы хабарлама алғаннан кейін 7 ай мерзім ішінде орындалуы тиіс болған. Шарттың жалпы сомасы – 290 280 406 теңге.

Құрылыс – монтаждау жұмыстарының басталғаны туралы 2022 жылғы 18 сәуірдегі хабарламаға сәйкес, құрылыс 2022 жылғы 20 сәуірде басталған және пайдалануға беру мерзімі – 2022 жылғы 20 қараша.

2022 жылғы 13 мамырда, 25 мамырда, 02 тамызда, 12 қазанда, 2023 жылғы 03 ақпанда қосымша келісімдер жасалған.

2023 жылғы 03 ақпандағы қосымша келісім бойынша жұмыстарды орындау мерзімі 2023 жылғы маусым айына дейін ұзартылған.

Талап қоюшы сотқа талабын жолдап, жауапкермен шарттың міндеттемелері тиісінше орындалмағанын, мектепті күрделі жөндеу бойынша жұмыстар аяқталмағанын, 2022 жылғы желтоқсан айынан бастап жұмыстар тоқтап қалғанын, қыркүйек айынан бастап жұмыстар жасалып жатырғанын, тұрақсыздық айыбы және шарттың орындалуын қамтамасыз ету бойынша төлем жауапкермен жүргізілмегенін, шарт бұзылмағанын көрсетіп, жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды сұраған.

Талап қоюшы өкілі сот отырысында талапты қуаттап, талапты қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкер өкілі талапты мойындамай, мектепті күрделі жөндеу бойынша жұмыстар тапсырыс берушімен шарттың орындалуын қамтамасыз ету бойынша төлемнің мөлшеріне қатысты келіспеушіліктер болып, тоқтап қалғанын, жұмыстар қазіргі кезде жасалып жатырғанын көрсетіп, талапты қанағаттандырудан бас тартуды сұрады.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – АК) 386-бабының талабына сай шарт оны жасасқан кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып табылады.

Ал, АК-нің 272-бабының талабына сәйкес: міндеттеме-міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда-іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сай, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың <u>тізілімі</u> өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді. Осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көрсетілген жағдайларда, тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай әлеуетті өнім берушіні немесе

Құжатқа қол қойылған: Балмуханова А. Р., 18.10.2023

Заңды күшіне енген күні: 11.01.2024, судья Балмуханова А. Р., 25.01.2024

өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге міндетті.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда, тапсырыс беруші өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы өзіне мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей мұндай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті, бұған жиынтығында мынадай шарттарды: 1). өнім берушінің тұрақсыздық айыппұлды төлеуі; 2).шарттық міндеттемелерді толық орындау; 3).тапсырыс берушіге келтірілген залалдың болмауы шарттарын қанағаттандыратын жағдайлар қосылмайды.

Сот отырысында анықталғандай, жауапкер шарттық міндеттемелерін тиісінше орындамаған, күрделі жөндеу жұмыстары қосымша келісімде көрсетілген мерзім өтсе де бүгінгі күнге дейін аяқталмаған.

Бұл жағдайда сот, жұмыстардың мерзім өтсе де аяқталмағанын, соған сәйкес тапсырыс берушінің шарт жасасу кезінде үміт артуына құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айырылғанын, тұрақсыздық айыбының төленбегенін ескеріп, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабын негізді деп таниды.

АПК-тің 117-бабына сәйкес жауапкерден 1725 теңге мемлекеттік баж мемлекет кірісіне өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 117, 223-226-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Атырау облысы Білім беру басқармасының Қызылқоға ауданы білім бөлімінің «Миялы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Гемакасес» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы қанағаттандырылсын.

«Гемакасес» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«Гемакасес» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет кірісіне 1725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге Атырау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы, Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар

Құжатқа қол қойылған: Балмуханова А. Р., 18.10.2023

Заңды күшіне енген күні: 11.01.2024, судья Балмуханова А. Р., 25.01.2024

өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья А.Р.Балмуханова

Құжатқа қол қойылған: Балмуханова А. Р., 18.10.2023

Заңды күшіне енген күні: 11.01.2024, судья Балмуханова А. Р., 25.01.2024

2301-23-3-1/1759